Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б.58-59

ӨНДІРІСТІК САНИТАРИЯНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ СТАНДАРТТАЛҒАН НОРМАТИВТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Мұратова А.

Өндірістік санитария дегеніміз-еңбектің дұрыс гигиеналық жағдайын жасайтын, жұмыстың адам ағзасына зиянды әсерін жоятын, кәсіби сырқаттардың орын алуына жол бермейтін санитарлық-техникалық шаралардың жүйесі.

Ондай шараларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Жұмыс орнында қажетті микроклиматтың қамтамасыз етілуі;
2. Шаңның, будың және газдың ағзаға зиянды әсерін жою;
3. Жұмыс орнының шу мен дірілдің мөлшерін азайту немесе жою;
4. Жұмыс орнының тиісті жарықтылығымен қамтамасыз ету;
5. Радиоактивті заттардан сауықтыру жұмыстарын жүргізу;
6. Температурасы нормадан жоғары немесе төмен жұмыс орындарында еңбектің арнайы жағдайын жасау;
7. Санитарлық - тұрмыстық бөлмелердің болуы және оның қажетті заттармен жабдықталуы;
8. Еңбекшілерді арнайы киімдермен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
9. Өндіріске жаңа техниканы, технологияны енгізу және автоматтандыру, еңбекті кешенді жарақтандыруға көшу.

Техникалық шараларға техниканы және технологиялық үрдістерді жетілдіру, оларды зиянды өндірістік факторларды тудырмайтын әдістермен алмастыру, өндірістік үрдістерді механикаландыру, автоматтандыру және қашықтан басқаруды ұйымдастыру, қорғану құралдарын пайдалану, жұмыс орнында желдеткіш, жылу беретін қондырғыларды орнату, жеткілікті жарықпен және басқа да қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету жатады.Ұйымдастыру шараларына еңбекшілерді жұмыс істеуге рұқсат етудің талаптарын орындау, жұмыс орындарын дұрыс ұйымдастыру, еңбек және демалыс режимдерін қатаң сақтау, өндірістің жоғары мәдениетін қалыптастыру, еңбекшілердің еңбек қорғауға оқыту арқылы олардың біліктілігін арттырып отыру, өндіріс аумағында, өндірістік бөлімдер мен тұрмыстық бөлмелерде санитарлық ережелерді сақтау жатады.Қол еңбегімен атқарылатын жұмыстарды ұйымдастыру.

Статикалық күш дегеніміз - дененің қозғалыссыз қалпында ұзақ уақыт бірқалыпты күйде болуынан әсер ететін жүк болып табылады. Ол адамды шаршатады.Динамикалық күш дегеніміз - жұмысшының жұмыс орнында үнемі қозғалыста болуынан денеге түсетін күш болып табылады.Жүк көтеру және оны қолмен тасымалдау жұмыстарында жұмысшының жасы мен жынысына қарай белгіленген нормалар сақталуы тиіс. Мысалы, 16-дан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін жүк көтерудің шекті мөлшері 16 кг, ал жасы 18-ден асқан ерлер үшін 50 килограмнан аспауы тиіс. 60-80 килограмм салмақты жүкті екі адам, ал бөрене, құбыр сияқты ұзын заттарды тасымалдауды бірнеше адам атқаруы қажет.18 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен әйелдер пестицидтерді тиеп-түсіру жұмыстарына қатыстырылмайды. Қол күшімен атқаратын жұмыстар еңбек қауіпсіздігінің стандарттарына, нормалар мен ережелерге сәйкес ұйымдастырылады және еңбек пен демалыстың режимі сақталады.